

Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін жабдықтау мен Қорғаныс министрлігін, Ішкі істер министрлігін, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Республикалық ұланды және басқа да арнаулы әскери құрамаларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 тамыздағы N 958 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 580 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.26 № 580 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 1994 жылғы 28 маусымдағы N 1775 U941775_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін, Ішкі істер министрлігін, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Республикалық ұланды және басқа да арнаулы әскери құрамаларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін 1994 жылдың 1 тамызына дейінгі жағдай бойынша қолданылып келген әскери қызметшілерді жабдықтау мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормалары уақытша қолданылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Республикалық ұланның басқармасы мен басқа да арнаулы әскери құрамалардың командирлері (бастықтары) 1995 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін жабдықтау мен әскерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы қаулының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі